



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ҚАҒПСО ҚАЗАҚСТАН ҰЛТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2001 ЖЫЛҒЫ 13 МАУСЫМДАҒЫ N 211 ЗАҢЫ.

ТУРИСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ,
ТУРИСТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ТУРИСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Транзитті қоса алғанда, саяхатқа әзірленген, саяхат жасаған кезде туристің:

- 1) өзінің жеке басына немесе мүлкінің қауіпсіздігіне қол сұғылған жағдайда консулдық, дипломатиялық, өзге де мемлекеттік, сондай-ақ туристік өкілдіктерге өтінішпен жүгіруге;
- 2) уақытша болатын елге (жерге) бару, сондай-ақ уақытша болған елден (жерден) шығу және сонда болу ережелері туралы, уақытша болатын ел (жер) заңнамасының ерекшеліктері туралы, жергілікті халықтың әдет-ғұрпы туралы, діни салт, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы қажетті және дұрыс ақпарат алуға;
- 3) еркін жүріп-тұруға, уақытша болатын елде (жерде) қабылданған шектеу шараларын ескере отырып, туристік ресурстарға еркін қол жеткізуге;
- 4) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлға туристік қызмет көрсету шартын орындамаған жағдайда келтірілген залал мен моральдық зиянның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтелуіне;
- 5) шұғыл медициналық жәрдем алуға;
- 6) шетелдік туристердің құқықтық көмек және көмектің өзге де түрін алуына Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының жәрдемдесуіне;
- 7) туристердің қолда бар байланыс құралдарына кедергісіз қол жеткізуіне құқығы бар.

Туристердің өзге құқықтары болатын елдің (жердің) заңдарымен айқындалады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2001 ЖЫЛҒЫ 13 МАУСЫМДАҒЫ N 211 ЗАҢЫ.

ТУРИСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ,
ТУРИСТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ТУРИСТІҢ МІНДЕТТЕРІ

Саяхат жасаған кезде, транзитті қоса алғанда, турист:

- 1) уақытша болатын елдің (жердің) заңдарын сақтауға;
- 2) уақытша болатын елдегі (жердегі) қоршаған ортаны сақтауға, табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қарауға;
- 3) уақытша болатын елге (жерге) келу және онда болу, сондай-ақ уақытша болатын елден (жерден) кету ережелерін және транзиттік жүріп өтетін елдердегі ережелерді сақтауға;
- 4) саяхат кезінде жеке өзінің қауіпсіздігі ережелерін сақтауға міндетті.

Туристің өзге міндеттері болатын елдің (жердің) заңдарымен айқындалады.

